



Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2001-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 1625

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367

P000367_

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2001-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Қазақстан Республикасының 2001-2010 жылдарға арналған
"Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы туралы

Еліміздің халқын қажетті мөлшерде және сапасына кепілдік берілген ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2001-2010 жылдарға

арналған "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір айлық мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, 2001 ж. N _____

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2001 жылғы _____
N _____ Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
2001-2010 жылдарға арналған
"Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы

Астана
2001 ж.

Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасының
2001-2010 жылдарға арналған "Ауыз су"
мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі -
Бағдарлама)

Қысқаша мазмұны Осы Бағдарламада еліміздің халқын ауыз
сумен қамтамасыз етудің қазіргі жай-күйіне
талдау берілген, облыстар бөлінісіндегі
нақты іс-шаралар кешені, оларды іске

асыру жоспарлары, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру белгіленіп, мынадай басымдықтар айқындалды:

- 1) сумен жабдықтаудың қазіргі жүйелерін пайдалану жағдайында ұстап тұру үшін оларды қалпына келтіру және жетілдіру;
- 2) сумен жабдықтаудың жаңа көздерін игеру және баламалы көздері мен нұсқаларын дамыту;
- 3) тұтынылатын судың сапасын жақсарту;
- 4) ауыз суды ұтымды пайдалану;
- 5) су объектілерінің экологиялық және санитарлық-гигиеналық жай-күйін жақсарту;
- 6) ауыз суды ұтымды пайдалану проблемаларын бара-бар түсінуге ықпал ететін ақпараттық ортаны құру;
- 7) сумен қамтамасыз ету және суды қорғау қызметін басқаруды жетілдіру, үйлестіру және оның тиімділігін арттыру

Бағдарламаны іске асыру 2001-2010 жылдар мерзімдері
1-кезең - 2001-2005 жылдар;
2-кезең - 2006-2010 жылдар

КІРІСПЕ

"Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 U984153_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 P000367_ қаулысына сәйкес әзірленді.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету су көздерінің ластануына, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына, сумен жабдықтау жүйелерінің қанағаттанғысыз техникалық жай-күйіне байланысты өзекті міндеттердің бірі болып т а б ы л а д ы .

Халықты тұщы сумен қамтамасыз ету проблемасы әлемнің барлық елдерінде және

атап айтқанда, Орталық Азия аймағы елдерінде өткір күйінде қалып отыр.

Осыған байланысты БҰҰ Бас ассамблеясының шешімімен 2003 жыл Халықаралық тұщы су жылы деп жарияланды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 U983956_ Жарлығын орындауға бағытталған.

Бағдарлама іске асыру мерзімі бойынша ұзақ мерзімдіге жатады.

1. Қазақстандағы ауыз су ресурстарын пайдаланудың қазіргі жай-күйін талдау

1. 1999 жылғы 1 қаңтардағы халық санағына сәйкес республикамызда 14,96 млн. адам, оның ішінде 8,38 млн. адам қалалар мен кенттерде, 6,58 млн. адам ауылдық елді мекендерде тұрады.

Ауыл халқының 300 мыңға жуық адамы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуі тиісті дәрежеде болмай тұрған, халқының саны 250 адамға дейінгі кенттерде тұрады.

84 қала мен 214 жұмысшы кентінен сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесімен 82 қала мен 186 кент қана қамтылған. Көше су құбырлары торабының суағарларының жалпы ұзақтығы 30,7 мың километрді құрайды.

Қалалардың тұрғын үй қорын су құбырларымен жабдықтау әр облыста 35%-дан 85%-ды құрайды. Орта есеппен республика бойынша қала халқының 70-75% су құбырының суымен, 15-18% орталықтандырылмаған су көздерінің суымен қамтамасыз етіледі, ал халықтың қалған бөлігі тасымалданатын суды (500 мыңнан астам адам) және ашық су айдындарының суын пайдаланады.

7845 елді мекенде тұратын ауыл халқын ауыз сумен қамтамасыз ету күрделі проблемаға айналып отыр. Ауылдық кенттерді орталықтандырылған сумен жабдықтау жергілікті (бір кентке арналған) және топтық (кенттер тобына арналған) су құбырларын салу жолымен шешіліп отыр. Салынған 79 топтық су құбырларының жалпы ұзындығы 90 жылдардың басында 17,1 мың километрге жетті, олармен 1276 ауылдық кенттер қамтамасыз етілді (1-қосымша).

Жиырма жылдан астам уақыт бойы республиканың солтүстік облыстарында өзінің параметрлері бойынша бірегей, жалпы ұзындығы 6 мың километрден астам Есіл, Преснов, Булаев және Беловодский топтық су құбырлары пайдаланылып келді. Қостанай облысы топтық су құбырларының ұзындығы 3,4 мың километрді құрады.

Батыс Қазақстан облысының аумағында мынадай: жалпы ұзындығы 1,7 мың километр болатын Фурманов, Тайпақ және Каменский топтық су құбырлары пайдаланылып келді, олар 100-ден астам кенттерге қызмет ететін. Ұзақтығы тиісінше 1125,6 және 406,4 километр болатын Нұра және Сілеті топтық су құбырлары Ақмола

облысының 73 ауылдық елді мекендерін сумен қамтамасыз етіп отырды.

Ауылдағы барлық ірі су құбыры оларды ұстауға арналған мемлекеттік демееу қаржы мен пайдаланылып келді.

Жергілікті су құбырлары мен кентішілік желілердің жалпы ұзақтығы 29,0 мың километрді құрады, ол 2,6 мың ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз ететін еді. Республика бойынша тұтас алғанда, 3,5 млн. адам (ауыл халқының 60%-ға дейіні) су құбырының суымен қамтамасыз етілген болатын. Халықтың қалғаны құбырлы және шахталы құдықтардың, сондай-ақ ашық айдындардың суын және тасымалданатын суды пайдаланды.

Су құбырларының көпшілігінің іске қосылғанына немесе күрделі жөндеу жүргізілгеніне 20-25 жылдан, Қазақстанның солтүстігінде 30 жылдан астам уақыт өткен. Бірқатар су құбырлары мен олардың жекелеген тармақтарының қызмет ету мерзімі өткен, тиісінше авариялардың саны көбейді.

Тек 2000 жылдың өзінде ғана 7097, оның ішінде Қарағанды облысында - 1218, Атырау облысында - 1022, Жамбыл облысында - 688 авария тіркелген. Авария жағдайының көп болуы судың қайталап ластануына, су беруде ұзақ іркілістерге, желілердегі судың көп ағып кететіні, жекелеген жағдайларда 30 және одан да артық проценттерге жететін, судың өндірістік емес ысырабына ықпал етуде, бұл электр энергиясының артық жұмсалуына және сайып келгенде 1 текше метр судың өзіндік құнының өсуіне әкеп тірейді.

Нәтижесінде ауылдық елді мекендердің көпшілігі топтық су құбырларының қызметінен бас тартты. Көптеген елді мекендер пайдаланушы ұйымдардың ұзақ уақытқа созылған төлемеуінен, сумен жабдықтаудан ағытылып тасталды.

Қазіргі кезде, экономикалық қиындықтарға байланысты бұрын Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының 100-ден астам кентін сумен қамтамасыз ететін Беловодский топтық су құбырының пайдаланылуы толық тоқтатылды.

Тұтынушылардың төлем қабілетсіздігінен және жекелеген тармақтардың істен шығуынан Батыс Қазақстан облысының Фурманов, Қаратөбе және Тайпақ, Оңтүстік Қазақстан облысының Дарбаза және Жетісай және басқа да бірқатар облыстардағы топтық су құбырлары жұмыс істемейді.

Топтық су құбырлары жүйесінің қолайсыз болуы және олардың өте қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі, жекелеген аумақтарда барланған жер асты суларының кен орындары бола тұра, пайдалануға кететін артық шығындар осы су шаруашылығы кешенін басқарудың тиімділігі мардымсыз екенін айғақтайды және оны қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды орындауды талап етеді.

Еліміздің халқын ауыз сумен қамтамасыз етудің 1991 жылға қарай қол жеткізілген деңгейі көрсетілген себептерге байланысты, сондай-ақ соңғы он жылда су құбырларының жұмыс істеуі үшін инвестициялық қолдаудың болмауынан күрт төмен түсіп кетті. Қазіргі кезде топтық су құбырларынан жергілікті - 2,1 мың кенттердің тек

513 ауылдық кенті қамтамасыз етіледі. Халықтың ауыз сумен қамтамасыз етілуінің орташа республикалық көрсеткішінің жыл сайынғы төмендеуі 3-5% (1, 2-кестелер) ж е т т і .

Республикадағы қолданыстағы көптеген су құбыры пайдаланудың ұзақ мерзіміне, су тазалау технологиясының тозуына байланысты санитарлық талаптарға жауап бермейді және нормативтік сапалы су беруді қамтамасыз ете алмай отыр. Республика бойынша жұмыс істеп тұрғандарының ішінен санитарлық талаптарға - 25,8%-ға, ал Жамбыл облысында - 89,7%-ға, Павлодар облысында - 57,1%-ға, Шығыс Қазақстан облысында - 50,8%-ға, Батыс Қазақстан облысында - 46%-ға, Қарағанды облысында - 36%-ға дейін сай келмейді. Астана мен Алматы қалаларында да жағдай мәз емес, онда су құбырларының тиісінше 50% мен 31,2% санитарлық нормаларға сай келмейді.

2. Республикадағы жер беті суларының ресурстары жылдың сулы болуы бойынша орташа мөлшері 100,5 текше км. құрайды, оның 56,5 текше км. республика аумағында құралады. Қалған көлемі шектес мемлекеттерден (Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан және Р е с е й) к е л і п т ү с е д і .

Қолдағы су ресурстарының орташа шаруашылық пайдалану үшін көлемі жылдың сулы болуы бойынша орташа мөлшері ысырапқа кететін шегерім үшін міндетті шығындарын, санитарлық, экологиялық көліктік-энергетикалық талаптарды қанағаттандыру 46 текше километрден аспайды. Су аз болған жылдары су ресурстарының жалпы көлемі 58 текше километрге дейін, ал бар судың көлемі тиісінше - 26 текше километрге дейін төмендейді. Бұдан басқа, жер үсті суларының ресурстары біркелкі орналаспаған, бұл оларды тасымалдауға үлкен шығын жұмсауға әкеп соғады.

Жер асты суларының ресурстары: - жылына 15,84 текше километр жинақталған пайдалану қоры бар 623 жер асты орындары барланды. Олардың ішінде тұщы су жылына 12,68 текше километрді құрайды. Тікелей шаруашылық - ауыз су мақсаттары үшін жылына 6,13 текше километр жинақталған қоры бар 494 жер асты су орындары б а р л а н д ы .

Ауыз судың барланған пайдалану қорлары республиканың жинақталған қажетінен екі еседен астам асып түседі және бір адамға шаққанда тәулігіне 1,12 текше метрді құрайды. Осымен бірге пайдаланылатын қорлар біркелкі орналаспаған: сумен үлестік қамтамасыз ету Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 0,08 текше метр/тәуліктен, Жамбыл, Алматы және Павлодар облыстарында - 1,6 - 2,3 текше метр/тәулікке дейін ө з г е р і п о т ы р а д ы .

Шаруашылық ауыз суымен жабдықтау үшін жарамды болжанған ресурстарының және барланған қорларының шектеулі таралымы Атырау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарын, Ақмола, Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда және Қарағанды облыстарының жекелеген аудандарын нашар және ішінара қамтамасыз етілген аумаққа жатқызуға мүмкіндік береді.

Жер асты тұщы суларының негізгі ресурстары (жалпы қорлардан 60%-ке дейін)

Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланған.

Қазақстан аумағының жер асты суларымен қамтамасыз етілуі "Шаруашылық - ауыз су мақсатындағы жер асты суларымен қамтамасыз етілу жағдайы бойынша аудандастыру картасы" (2-схема), республика аумағы бойынша жер асты сулары ресурстарын бөлу - 3-кесте.

Жер асты тұщы суларының тапшылығы жағдайында олар тіпті де толық көлемде пайдаланылмайды, барланған орындардың жалпы санынан (623) барланған қорлардан 7% ғана құрайтын жинақталған су қайтарғысымен пайдаланылатыны 330-дан аспайды.

Қайтарылатын су көлемі қазіргі деңгейде 4,0-ге жуық текше километрді құрайды, жер бетіндегі су объектілеріне қайтарылатыны - 3,4 текше километр. Қайтарылған сулар табиғи сулар мен қоршаған ортаның ластануының негізгі көзі болып табылады. Қайтарылған сулардың өзендерге келіп түскен негізгі мөлшері Сырдария (47%) және Ертіс (34%) өзендерінің бассейндерінде орын алған. Қалған көлемі Іле өзеніне (8%), Нұра өзенінде (5%) және қалған өзендерге (6%) тиесілі.

Су ресурстарының қолдағы жиынтық көлемі қазіргі заманғы деңгейде халық шаруашылығында пайдалану мүмкіндігіне 46,9 текше километрді құрайды.

Жекелеген аймақтарда экономика салаларын дамытуға және халықты сумен қамтамасыз етуге арналған су ресурстарының қолдағы өсімі жер асты суларын неғұрлым кеңінен пайдалану және жер бетіндегі су ресурстарын аймақаралық бөлу (бұру) жолымен жүзеге асырылады. Осы мақсаттарда:

Республика астанасы Астана қаласын сумен қамтамасыз етуге арналған Вячеслав су қоймасына келіп құятын Ертіс-Қарағанды арнасы және Ертіс-Қарағанды - Есіл өзені су ағары салынды;

Атырау және Маңғыстау облыстары тұтынушыларының шаруашылық-ауыз су және өндірістік мұқтаждары үшін су дайындауға мұнай кен орындарына 260 мың текше метр /тәулік тұщы су беруге есептелген Астрахань-Маңғышлақ суағары салынды;

Көкшетау қаласының және Щучье - Бурабай курорттық аймағын және басқа да бірқатар тұтынушыларды сумен жабдықтау үшін Есіл өзеніне Сергеев су қоймасынан су беретін Көкшетау өндірістік су құбырының құрылысы жалғастырылуда.

3. Ел халқының 1999 жылы шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарына арналған суды тұтыну 0,83 текше километрді, оның ішінде: қалалардың халқы - 0,65 текше километрді, ауыл тұрғындары - 0,18 текше километрді құрады, бұл экономиканың барлық салаларының жалпы тұтынушының 4-6% шегінде.

Шаруашылық ауыз су тұтынушының жалпы көлемінде жер асты сулары 0,54 текше километрді (65,2%), жер үсті сулары 0,29 текше километрді (34,8%) құрайды.

Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жер асты суларын пайдалану - (88-89%) басымдыққа ие.

Қостанай, Маңғыстау, Ақмола және Павлодар облыстарында жер үстіндегі сулардың үлесі 55-тен 70%-ға дейін құрайды. Жер үстіндегі сулар есебінен Астана,

Атырау, Орал, Алматы, Петропавл сияқты және басқа да қалалар толық немесе ішінара қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Шаруашылық - ауыз су мұқтаждарына арналған суды тұтынудың нақты үлесі 1997 жылы республика бойынша орташа алғанда қалалардың бір тұрғынына шаққанда Алматы облысында 206 л/тәуліктен өзгере отырып 167 л/тәулікті, Қызылорда және Атырау облыстарында 120 л/тәулікке дейін құрады. Ауылдық кенттер тұрғынының суды тұтынуы 68 л/тәулік, Қостанай, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында 70 -75 л/тәуліктен өзгере отырып Маңғыстау облысында 25 л/тәулікке дейін құрады.

Республика бойынша орташа алғанда (нормативтен %) халықтың сумен қамтамасыз етілуі қалалар үшін 85%-ды, Алматы облысында - ең көп шамасы 92%-ды және Қызылорда облысында ең аз шамасы 62%-ды құрады. Ауылдық кенттерде орта есеппен 71%-ды, Алматы облысында - 84%-дан ауытқи отырып, Маңғыстау облысында 42%-ға д е й і н қ ұ р а д ы .

Халыққа берілетін 1 текше метр судың құны әртүрлі себептерге байланысты жекелеген аймақтарда 60-80 теңгеге жетті және одан да жоғары болды, облыстар бөлінісінде және сумен жабдықтау жүйелерінде ол 18-25-теңгеден 40-60 теңгеге дейін а у ы т қ ы п о т ы р а д ы .

4. Іс жүзінде барлық ірі ағын су бойынша жайылма судың сапасы ауыз су стандарттарына сай келмейді. Шекарааралық аса ірі Ертіс, Іле, Жайық, Сырдария өзендері қатты ластанған және алдын ала дайындамайынша шаруашылық-ауызсу суымен жабдықтау үшін пайдалануға жарамайды.

Жайық өзені фенолдармен (шоғырланудың жол беру шегінің 3 өлшеміне дейін) (бұдан әрі - ШЖШ), синтетикалық үстіңгі белсенді заттармен (1,4 ШЖШ-ға дейін) ластанған. Елек өзенінің жайылма суы броммен (21,8 ШЖШ-ға дейін) және алты валентті хроммен (14 ШЖШ-ға дейін) ластануы өткір экологиялық проблема күйінде қалуда. Нұра және Шерубай-Нұра өзендері "сыныппен екінші қайта ластанған" объектілер санатына өтті. Нұра өзені табанының шөгінділерінде, суының құрамында және бетінде сынаптың шоғырлану деңгейі бойынша республикадағы ең лас өзен болып табылады. Ертіс өзені суының мыспен (2 ШЖШ-ға дейін) және мырышпен (25 ШЖШ-ға дейін) ластануы жоғары күйде қалып отыр. Ертіс өзенінің алабына жыл сайын 120 млн. текше метрдей (1999 жылы - 146 млн. текше метр) "ластанған" ағынды с у ж і б е р і л д і .

Суды ластаушылар қатарына өнеркәсіп, кен өндіруші және өңдеуші кәсіпорындарынан басқа, қала құрылысы, мал шаруашылығы фермалары, суармалы егіншілік жерлер, әртүрлі тұндырғыштар, қатты, сұйық қалдықтар мен мұнай өнімдері қоймалары жатады. Негізгі ошақтарда қорғасынмен, мырышпен, кадмиймен, темірмен, селенмен, марганецпен ластану дәрежесі 10-нан 100 ШЖШ-ға дейін жетеді.

Республика шегінде жер асты суларын ластаудың 700-ден астам ықтимал көзі анықталды, олардың 241-і жер асты суларының гидрохимиялық жай-күйіне тікелей

әсер етеді. Ластау көздерінің ең көбі Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында табылды. Жер асты суларын ластау учаскелерінің негізгі бөлігі минералданудың көтеріңкілігімен; кермектілігінің артуымен, сульфаттар мен хлоридтердің ШЖШ-дан асып түсетін мәнге дейін шоғырлануымен сипатталады. Анықталған 75 учаске жер асты суларында азот қосындыларының, оның ішінде 49-ы мұнай өнімдерінің (35-і - тұрақты); 59-ы ауыр металдардың (40-ы тұрақты); 41-і фенолдардың (35-і - тұрақты); 28-і органикалық қосындылардың (22-і - тұрақты) б о л у ы м е н с и п а т т а л а д ы .

Анықталған ластаушы заттар қауіптілігінің сыныбы бойынша 127 учаске жер асты суларын ластаудың қауіпті, 63-і - бәсең қауіпті, 48-і - жоғары қауіпті және 3-і - төтенше қауіпті сыныппен сипатталады.

Жер асты сулары сапасының нашарлау қатері 70 елде мекендегі 113 кен орнында және шаруашылықтық-ауыз сулық сумен жабдықтауға арналған 41 жер асты суларын ж и н а у ы ш т а б а й қ а л ғ а н .

Республикада жыл өткен сайын орталықтандырылмаған көздер суының ластануы өсу үстінде. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормаларға сай келмейтін ауыз су сынамаларының үлес салмағы ел бойынша орта есеппен 8,1 пайызды құраса ал Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша бұл республикалық көрсеткіштен жоғары.

5. Халық ауыз су мақсатында орталықтандырылған да, орталықтандырылмаған да көздерден тұтынатын судың сапасы санитарлық ережелер мен нормаларға, "Ауыз су" мемлекеттік стандарттарына әрдайым сай келе бермейді.

Қызылорда Оң жағалау топтық су құбыры минералдануы 1,3 - 1,4 г/л жер асты су көздері кен орнына негізделген. Батыс Қазақстан облысындағы Камен топтық су құбыры бойынша құрамында темір ШЖШ-дан 1,5 - 2,5 есе асып түсетін су беріліп отыр. Ақмола облысының Зеренді және Яблонов топтық су құбырларының көздері - жер асты суларының кен орындары құрамында фтор жол берілетін нормадан жоғары. Орал кен орны бастапқы суының құрамында марганец ШЖШ-дан 3-5 есе асып түседі.

Ауыз су сапасының жайсыз ахуалы елдің жекелеген аймақтары халқының жұқпалы аурулармен аурушаңдық жай-күйіне әсер етпей қалмады. Бірінші кезекте бұл су арқылы берілетін сатқак, қанды тышқак, бауыр қабынуының А вирусы аурулары.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша кейінгі уақытта су құбыры суына байланысты жұқпалы аурулармен топтап ауру жүйелі сипат алып отыр. Егер 1992 жылы зардап шеккендер саны 181 адам 4 іш сүзегі ошағы тіркелсе, 1995 жылы зардап шеккендер саны 305 адам 5 оқиға тіркелді, ал 2000 жылы 3220 адам зардап шеккен 7 оқиға болды. Бұл ретте 2000 жылы Қарағанды (Шахтинск, Абай қалалары) және Шығыс Қазақстан (Қатон қарағай ауданының Фыколка ауылы) облыстарында су құбырлары суын тұтынумен байланысты зардап шеккендер саны 1,5 мың адам (1995-1997 жылдарды қоса алғандағыдан үш есе көп) іш сүзегі індетінің 3

ошағы тіркелді. 2001 жылы ақпан айында ғана Қостанай облысындағы Арқалық қаласында және Қарағанды облысының Теміртау қаласында зардап шеккендердің жалпы саны 448 адам іш сүзегімен аурудың екі ошағы тіркелді.

2000 жылы республика бойынша бауырдың қабыну ауруы 1999 жылмен салыстырғанда 1,8 есе, оның ішінде Қызылорда облысында 5,4 есе, Оңтүстік Қазақстанда - 4,1 есе, Маңғыстау және Жамбылда - 1,7 есе, Алматы қаласында 1,9 есе
а р т т ы .

Республика бойынша орта есеппен алғанда су арқылы берілетін бауырдың қабыну ауруы 22,6%-ті құрайтыны белгілі болды, бұл көрсеткіш Ақмола облысында 47,9%, Қызылордада - 41,8%, Қостанайда - 31,1%, Қарағандыда - 27,6% құрайды.

Бауырдың қабынуының ең ірі ошағы Қызылорда облысы Шиелі ауданының тұрғындары арасында тіркелді. Елді мекендер су ішетін Жиделі су құбырын ажыратып тастаудың нәтижесінде ауданда аурушаңдық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда
1 9 9 5 а д а м ғ а ж е т т і .

Ауыз су сапасының нашарлығы және сумен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі себебінен Батыс Қазақстан, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында бауырдың қабыну ошақтары пайда болды.

Қалыптасқан ахуал су көздерінің үдемелі ластануының, су құбырларының құрылыстары мен тарату желілерінің қанағаттанғысыз санитарлық-техникалық жағдайының, бірқатар су құбырында қажетті тазарту құрылыстарының кешені мен залалсыздандыру қондырғылары болмауының, коммуналдық шаруашылық ұйымдарының материалдық-техникалық базасы әлсіздігінің заңды салдары болып
т а б ы л а д ы .

6. Халық ауыз су мұқтажы үшін тұтынатын су сапасының төмендеуіне және қол жетімділігіне мынадай факторлар әсер етеді:

су көздерінің, әсіресе жайылма сулардың өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық және шаруашылық-тұрмыстық төгінді сулармен жалпы техногенді ластануы;

су құбырларының және кәріз желілері мен құрылыстарының суды тиісінше дайындауды әрі төгінді суларды тазалауды қамтамасыз етпейтіндей тозуы;

құбырлардың тотығуға қарсы үстіңгі жабынының бүлінуіне байланысты бактериялық әрекет өнімдерімен ауыз судың екінші қайта ластануы;

ауыз су үшін төлем жөніндегі баға саясатының, тарифтер тетігінің жетілдірілмеуі, коммуналдық-тұрмыстық секторды және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтауды басқарудағы әрі оны пайдаланудағы кемшіліктер;

халықтың төлем қабілетінің және сапалы ауыз суға қол жетімдігінің төмендігі; сумен жабдықтаудың жаңа жүйелерін салуға, қолда бар жүйелерді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына мемлекеттік инвестициялардың жеткіліксіздігі;

шаруашылықтық-ауыз сулық сумен жабдықтау үшін арнайы барланған жер асты сулары кен орындарын пайдаланудың жеткіліксіздігі;

жер асты тұщы суларын мақсатсыз пайдалану;
республиканың жекелеген аймақтарында жергілікті ауыз сумен жабдықтау
көздерінің болмауы.

7. Халықты ауыз су сапасын және қол жетімділігін қамтамасыз етумен байланысты қалыптасқан ахуал себептерін жою жөнінде мақсатты бағытталған шаралар қабылдамау мынадай теріс салдарларға алып келеді:
ел халқы денсаулығының нашарлауы;

аудандарда медициналық-экологиялық ортаның нашарлауына байланысты халықтың бей-берекет көшіп-қонуы;

коммуналдық сектор кәсіпорындарында ескірген өндірістік қорлар көлемінің өсуі;

пайдалану шығындарының өсуімен қатар коммуналдық қызметтерді ұсыну сапасының және іркіліссіздігінің кемуі;

жер асты сулары кен орындары мен ашық әуіттердің ауыз сулық мәнінің жоғалуы;

суды тазалауға және суды дайындауға шығындардың артуы.

2. Бағдарламаның мақсаты мен негізгі міндеттері

8. Бағдарламаның мақсаты - халықты қажетті мөлшерде және кепілді сапалы ауыз сумен ұдайы қамтамасыз ету.

9. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

халықты қажетті мөлшерде және кепілді сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін анықтау және әзірлеу, сондай-ақ оларды іске асыру жөніндегі басымдықтарды анықтау;

Бағдарламаны іске асыру үшін инвестициялардың қажетті көлемі мен қаржыландыру көздерін анықтау.

10. Халықты ауыз сумен ұдайы қамтамасыз ету мынадай негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс:

1) мемлекет бүкіл халықты суға тең қол жеткізу негізінде сумен жабдықтау саласындағы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жауапты болуы тиіс;

2) суды экономикалық, әлеуметтік және экологиялық бағасы бар шектеулі табиғи ресурс ретінде қараудың қажеттігі;

3) жер асты су көздерін пайдалануды үдету Бағдарламаның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады және мыналарды көздейді:
жер асты сулары ресурстарын болжамды бағалау;

барланған кен орындары мен су жинауыштарды түгендеу;
жаңа кен орындарын анықтау үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу;
жұмыс істеп тұрған су жинауыштарды кеңейту және қайта ұйымдастыру;
жер асты су көздерінің санитарлық ахуалын сауықтыру;
жер асты су көздерін сарқылудан және ластанудан қорғауды жүзеге асыру;

4) су шығару және жеткізу құралдары шаруашылық жүргізуші түрлі субъектілердің меншігі болуы мүмкін;

5) суды тұтыну коммерциялық қағидаттарға негізделуі тиіс, суды пайдаланудың ақылылығы суды ұтымды пайдалануға қол жеткізуге, сақтауға және кәсіпкерлік қызметке ынталандыруы тиіс;

6) меншік нысандарының алуандығы жағдайында инвестициялық процесті кейіннен орталықсыздандыра отырып, ауыртпалық орталығын қайтарымсыз бюджеттік қаржыландырудан қайтарымды негізде несиелеуге бірте-бірте көшіру;

7) барлық су тұтынушының су заңнамасы талаптарын сақтауы.

11. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттерін қамтамасыз етуге арналған шаралар кешені мыналарды қамтиды:

1) халықтың түрлі әлеуметтік топтарын ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бірінші кезекті аз шығынды іс-шараларды іске асыру;

2) суды залалсыздандыру және тазалау бойынша ғылыми-техникалық жетістіктерді әзірлеу және енгізу;

3) ауыз сумен жабдықтау көздері - жер үсті және жер асты су объектілерінің тиісті экологиялық жай-күйін қамтамасыз етуге бағытталған табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу;

4) су рыногын дамыту үшін жағдайлар жасау және кәсіпкерлердің ауыз суды өндіру мен жеткізу жөніндегі бастамаларын қолдау әрі оның бүкіл халыққа қол жетімділігін ынталандыру;

5) ауыз сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешуде, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда қоғамдық институттарды дамыту және олардың ролін күшейту;

6) Республиканы сумен қамтамасыз етудің бас сызбасын әзірлеу, онда ауыз сумен тиісті мөлшерде және қажетті сапада қамтамасыз етілмеген аймақтар мен тұтынушылардың жекелеген топтарын анықтау, іздестіру-барлау жұмыстарының көлемін айқындау, сумен жабдықтаудың ықтимал көздерін, техникалық іс-шараларды, оларды іске асыру кезектілігін және қажетті

күрделі қаржыны болжамдау қажет.

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Ел халқын сумен қамтамасыз етудің жай-күйін талдау бірқатар елеулі проблеманы анықтады, оларды шешуге мынадай негізгі бағыттар септігін тигізуі тиіс:

қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін оларды пайдалану жай-күйін қолдау үшін қалпына келтіру және жетілдіру;

сумен жабдықтаудың жаңа көздерін игеру және балама нұсқаларын дамыту;

тұтынатын су сапасын жақсарту;

ауыз суды ұтымды пайдалану;

су объектілерінің экологиялық жай-күйін жақсарту;

халықтың ауыз суды ұтымды пайдалану проблемаларын түсінуге септігін тигізетін ақпараттық орта жасау;

сумен қамтамасыз ету және суды қорғау қызметін басқаруды, үйлестіруді жетілдіру әрі оның тиімділігін арттыру.

12. Қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін оларды пайдалану жай-күйін қолдау үшін қалпына келтіру және жетілдіру.

Бағыт су жинауыш және су құбырлары желілері мен құрылыстарын жөндеу әрі тиісті күйде ұстау, су жинауыш құбырларды қалпына келтіру, төтенше ахуал жағдайында резервтік сумен жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруды қамтиды.

Бағдарламаның осы бағытын дамыту үшін халықты ауыз сумен аз шығынмен қамтамасыз етуге, материалдық және энергетикалық жабдықтаумен байланысты пайдалану шығыстарын қысқартуға мүмкіндік беретін мынадай іс-шараларды іске асыруды көздейді:

1) Алматы, Астана, Қызылорда, Арал, Ақтөбе, Талдықорған, Атырау, Шалқар, Көкшетау, Қарағанды, Теміртау және басқа да көптеген қалалардың қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының кешені;

2) Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының сумен жабдықтау көздерін ауыстырудың нақты баламалары жоқ жерлерінде топтық жүйелерді жаңарту;

3) Ақмола облысында Нұра, Ақтөбеде Ырғыз, Атырау облысында - Индер-Миялы және Майкөмген-Шұбыртпалы, Батыс Қазақстан облысында темірсіздендіру станциясын салып, Орда және Камен топтық су құбырларын су жинауыштарды кеңейте отырып, жаңарту;

4) кенттерде бұрын салынған оқшау су құбырларын оңалту, олардың жұмыс тиімділігін арттыру, залалсыздандыру және су тазалау технологиялық процестерін жаңғырту.

Бұл жұмыстарды бір жарым мыңнан астам қала мен кентте жүргізу болжанып отыр.

13. Сумен жабдықтаудың жаңа көздерін игеру және балама нұсқаларын дамыту.

Бағыт жер асты суларының барланған қорларын әлдеқайда толық пайдалану есебінен сумен жабдықтауды жақсарту және ауыз сумен жабдықтаудың қорғалған көздері жоқ елді мекендерде іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізгеннен кейін жаңаларын игеру жөніндегі іс-шаралар кешенін көздейді.

Жекелеген аймақтарда балама көздер ретінде мына мүмкіндіктер қарастырылып отырып :

сапа деңгейі жол берілуі мейлінше төмен жер асты суларын (минералдылығы 1,0 - 1,5 г/л минералдылығы әлсіз жер асты сулары) пайдалану;
ауыз судың жеткізілуін ұйымдастыруды жетілдіру;
оқшау су тазалау құрылғыларын орнату.

Бұдан әрі балама көздерді талдау әрбір нақты кентті сумен қамтамасыз етудің нұсқаларын техникалық-экономикалық салыстыру нәтижесінде жүргізілетін болады.

Бағдарламаның осы бағытын іске асыруда бірінші кезекті іс-шаралар ретінде мыналар белгіленеді :

Қызылорда облысында Арал - Сарыбұлақ, Жиделі және Октябрь топтық су құбырларын салуды (2002 жылы 73 километрін пайдалануға бере отырып) жалғастыру;

Қостанай облысында Лихачев және Ұзынкөл топтық су құбырларын салу;
Оңтүстік Қазақстан облысында Арыс және Шәуілдір топтық су құбырларын салу;
Солтүстік және Батыс Қазақстан топтық су құбырларының жұмысын қайта ұйымдастыру .

Ақмола, Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының сумен жабдықтаудың сенімді көзі жоқ бес жүзден астам елді мекені үшін сумен жабдықтау сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ кейіннен сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарын салатын іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу көзделуде .

14. Тұтынатын су сапасын жақсарту.

Бағыт су сапасын жақсарту жөніндегі мынадай шаралар кешенін қамтиды:

1) ауыз су сапасын жақсарту жөніндегі жаңа отандық та, шетелдік те озық технологияларды әзірлеу және енгізу;

2) судың екінші қайта ластану мүмкіндігін жою мақсатында су құбыры желісінің тозған учаскелерін жаңарту және ауыстыру;

3) бастапқы суды тазалаудың технологиялық схемасын белгілеу және суды дайындаудың тиісті өлшемдерін қамтамасыз ету;

4) ауыз су сапасын бақылаумен айналысатын қызметтерді материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді нығайту.

Суды дайындаудың белгілі бір технологиялары әрбір нақты жағдайда судың

сапасына қарай қолданылатын болады.

Су дайындау жөніндегі іс-шараларды үш жүзден астам елді мекенде іске асыру болжанып отыр.

15. Ауыз суды ұтымды пайдалану.

Бағыт ауыз суды үнемді де тиімді пайдаланудың, оны техникалық, ауыл шаруашылық және басқа да мұқтаждықтарға мақсатсыз пайдалануын болдырмау да, экономиканы құрылымдық қайта құруды, су үнемдеуші технологияларды технологиялық жаңғыртуды және енгізуді ескере отырып табиғи су объектілерінен су алуды қысқарту, сондай-ақ желінің тасқынды нүктелері мен тұтынушыларда су есептеуіш аспаптар орнату да мәселелеріне қатысты іс-шаралардың кең ауқымын қамтиды.

Жекелеген аймақтарда судың тапшылығы, тұщы су көздерінің бірте-бірте сарқылуы және ластануының күшеюі су ресурстарын ұтымды пайдаланудың кешенді жоспарлануын қамтамасыз етуді талап етеді.

Тұтас алғанда су пайдаланудың жай-күйі су ресурстарын ұтымды пайдалануды дамыту және оған жағдайлар жасау, су үнемдеуші технологияларды ғылыми негіздеу, ауыз суды мақсатсыз пайдалануды болдырмау жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдауды талап етеді.

Су ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау алғы-шарттарын жасау, су объектілерінің ластануына жол бермеу үшін елеулі нәрсе халықтың экологиялық білімін тереңдету арқылы оның жалпы санитарлық-гигиеналық және экологиялық мәдениетін көтеру болып табылады.

16. Су объектілерінің экологиялық жай-күйін жақсарту.

Бағыт су ресурстарын пайдалану, қалпына келтіру және қорғау процестерінің тендестірілуін қамтамасыз ету негізін қалайтын іс-шаралар кешенін қамтиды.

Қоршаған ортаның қазіргі жай-күйі және экономика салаларының күтіліп отырған экономикалық өсуі су ресурстарын қорғау және қалпына келтіру жөнінде тиісті алдын ала іс-шараларын қабылдамайынша және енгізбейінше су объектілерінің экологиялық жай-күйінің нашарлауына алып келеді.

Республикада қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру жүріп жатыр, қоршаған ортаны және оның су объектілері сияқты маңызды құрамдасын қорғауды жақсартуға, шаруашылық және өзге де қызметтің табиғи экологиялық жүйелерге зиянды әсерін болдырмауға бағытталған бірқатар заңнамалық және нормативтік-әдістемелік құжаттар жұмыс істейді. Экономикалық қауіпті қызметке талаптар мен бақылау қатайтылған, экология мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық нығайып келеді.

Қолданыстағы Су K933000_ кодексiне сәйкес су көздерін оқшау қорғау және шаруашылық-ауыз су суымен жабдықтау құрылыстарын жобалауға санитарлық талаптар әрбір нақты жобада көзделеді.

Ауыз суды ұтымды жұмсауға ынталандыратын экономикалық құралдарды әзірлеу және іске асыру қажет.

Бағдарлама су экологиясы саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге арналған ғылыми-зерттеу институттарының қалыптасуын әрі олардың желісін қолдауды көздейді.

17. Халықтың ауыз суды ұтымды пайдалану проблемаларын түсінуге септігін тигізетін ақпараттық орта жасау.

Таза ауыз суды алу, оны ұтымды пайдалану халықтың бүкіл қабатының өмірлік мүдделерін қозғайтын болғандықтан, тек мемлекеттік ғана емес, жалпы адамзаттық проблема болып табылады. Өкінішке қарай, жұртшылықпен жұмыс тиісті деңгейге қойылмаған. Осы проблеманы шешумен байланысты іс-шаралардың тиімсіздігінің себебі көбінесе оны шешумен, қалың жұртшылықпен айналысатын мемлекеттік органдар арасында үйлестірудің және өзара әрекеттесудің нашарлығы.

Халықты сумен қамтамасыз ету мәселелері жұртшылықты кеңінен тарта отырып, ашық шешілуі тиіс. Судың табиғи су объектілеріндегі де, сумен жабдықтау жүйелеріндегі де сапасы туралы ақпарат, оны тазалау мен жеткізу құны әрбір азаматқа мәлім болуы тиіс, бұл ауыз суды ұтымды пайдалану проблемаларын түсінуге септігін тигізеді.

Халықты осы проблемалар бойынша кеңінен хабардар ету әрі білім беру халықта экологиялық және санитарлық-гигиеналық мәдениетті қалыптастыру үшін бағдарлама мыналарды көздейді:

1) су ресурстарын, әсіресе ауыз суды ұқыпты пайдалану мәселелеріне кітапшалар, топтамалар шығаруды, радио және телехабарлардың тұрақты циклын жасауды, бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жариялауды қамтамасыз ету;

2) қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдарды ауыз суды ұтымды пайдалану саясатын айқындауға тарту.

Қазақстан азаматтары суды тұтыну және су ресурстарын қорғауды ұйымдастыру саласын басқару процестеріне осы проблемаға қатысты мәселе талқыланатын немесе шешілетін референдумдарға, "дөңгелек үстелдерге" және басқа да іс-шараларға қатысу арқылы ықпал ете алады.

18. Сумен қамтамасыз ету және суды қорғау қызметін басқаруды, үйлестіруді жетілдіру әрі оның тиімділігін арттыру.

Бағыт халықты ауыз сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етуге арналған өзара байланыстырылған шаралар кешенін көздейді.

Халықты сумен қамтамасыз ету процесін бақылау және жоспарлауды мемлекет жүзеге асырады.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шаралар:

Үкімет, жергілікті атқарушы органдар мен суды пайдаланушылардың мемлекеттік емес бірлестіктері арасындағы ауыз сумен жабдықтау жүйесіндегі өндіріс құралдарына меншікті жіті бөлуді көздейтін сумен жабдықтау инфрақұрылымын басқару жүйесін ж е т і л д і р у ;

су шаруашылығы объектілерінің құқықтық мәртебесін айқындау;
суды ақылы пайдалану жүйесін жетілдіру және бастапқы кезеңде суды пайдалануға мемлекеттік субсидиялауды енгізудің негізінде суды пайдаланудың экономикалық т е т і г і н ж а с а у ;

халықты ауыз сумен қамтамасыз ету, оның сапасын жақсарту жұмыстарымен қамтылған ұйымдардың, соның ішінде мемлекеттік емес ұйымдардың қалыптасуына қ о л д а у к ө р с е т у ;

су объектілері мониторингі жүйесін дамыту болып табылады.

Облыстар бөлінісінде бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттарын дамыту іс-шаралары төменде келтірілген:

Қызылорда облысы Арал өңіріндегі экологиялық апат аймағы ретінде басым аймақтардың қатарына жатқызылған; "Арал теңізі ауданындағы экономикалық және санитарлық жағдайды түбегейлі жақсарту жөніндегі шаралар туралы" қаулыны орындау үшін ауыл шаруашылығын сумен жабдықтаудың бірқатар объектілері салынды, Арал және Қазалы аудандарының қала және ауыл халқын сумен қамтамасыз ету үшін Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын салу жалғастырылуда.

Оң жағалау және Жиделі топтық су құбырын салу басталды.

Бағдарламада халықты сумен қамтамасыз етудің бұрын көзделген іс-шараларын одан әрі іске асыру көзделуде.

Оң жағалау, Талап және Сырдария топтық су құбырларын салу көзделуде.

Облыстың бұрыннан бері сумен қамтамасыз етілмеген 60 кенті үшін жергілікті су құбырларын салу көзделуде. Минералданған жер асты сулары басым аудандарда суды тұщыту қондырғыларын салу көзделеді. Қызылорда қаласында, басқа да қалалар мен ауылдық кенттерде сумен жабдықтаудың қазіргі жүйелерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының к е ш е н і к ө з д е л у д е .

Маңғыстау облысының халқын сумен қамтамасыз ету проблемасы Астрахань-Маңғышлақ суағарынан толық тұрақтандырылады.

Оны қайта жаңарту жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу тасымалданатын судың қажетті көлемі мен сапасын қамтамасыз етуге, су берудің сенімділігін арттыруға әрі оны беруге арналған пайдалану шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Ақтау қаласын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету міндеттерін іске асыру үшін ұзақтығы 105 км Жетібай-Ақтау су оңқысын және су тазарту құрылыстарын қосымша с а л у қ а ж е т .

Оны сумен қамтамасыз ету үшін теңіз суы тұщытылатын Фетисово-Жаңа өзен су оңқысын салу көзделген Жаңа өзен қаласы үшін баламалы нұсқа ретінде Волга суын

б е р у

қ а р а с т ы р ы л у д а .

Бағдарламада кенттерді топтық су құбырлары магистральдарына қосу үшін жаңа су құбыры жүйелері мен құрылыстарын салу әрі қазіргілерін қайта жаңарту көзделуде.

Шығыс Қазақстан облысы халықтың сумен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша неғұрлым тәуірлерінің қатарына жатады.

Барлық қалалар мен ірі ауылдық кенттерде сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйелері бар.

Бағдарламада шағын ауылдық кенттердің халқын ауыз сумен орталықтандырылған қамтамасыз ету үшін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жекелеген су жинаушы құрылыстарын салу көзделген.

Алматы облысы. Су құбырлары жүйелерінің көпшілігінің техникалық жай-күйі оларды жұмыс істеу күйінде ұстау үшін шұғыл шараларды қабылдауды талап етеді.

Алматы қаласының 2200 км құрайтын қалалық су құбыры желілерінің 1380 км-нің жұмыс істеу мерзімі өткен. Облыстың басқа қалаларындағы желілер де қажетті жөндеусіз ұзақ мерзім бойы пайдаланылуда.

Бағдарламада жалпы ұзақтығы 1000 км-дан астам қалалық және кенттік желілерде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары көзделген. Экономикасы тоқыраған Ақсу және Райымбек аудандарын қоса алғанда, 360 ауылдық кентте жергілікті су құбырларын салу әрі қайта жаңарту көзделуде.

Оңтүстік Қазақстан облысының қаладағы халқын ауыз сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жақсарту үшін Шымкент, Шардара, Сарыағаш, Түркістан және Шолаққорған қалаларының су құбыры желілерін қайта жаңарту көзделуде. Бағдарламада Түркістан - Кентау су құбырын салу көзделуде.

2002 жылғы басым объектілердің тізбесіне халқының саны 25 мыңнан астам Шолаққорған қаласындағы су құбыры енгізілген. Шәуілдір және Арыс топтық су құбырларын салу жалғастырылуда, оған республикалық бюджеттен 260 миллион теңге көзделуде.

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш және Қазығұрт аудандарының халқы сапалы ауыз су тапшылығын сезінуде. Бұл проблема Өгем топтық су құбыры бойынша Өгем өзенінен су беру есебінен шешілуі мүмкін. Бұл аймақта ауыз судың басқа баламалы көзі жоқ.

Ақмола облысы халқын сумен жабдықтаудың ең өткір проблемасы республиканың елордасы Астана қаласының сумен қамтамасыз етілуін ұлғайту болып табылады. Ертіс-Қарағанды арнасынан Есіл өзеніне суды бұру үшін құрылыстар мен суағар құрылысын салу, сондай-ақ Вячеслав су қоймасынан қалаға дейін суағардың үшінші желісін салу аяқталды. Су құрылыстарын кеңейту және жаңаларын салу көзделуде. Қаланың ішкі желісіндегі 94 км желіні ауыстыру көзделуде.

Бағдарламада Көкшетау қаласы мен Бурабай курорт аймағы халқын сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз ету үшін Көкшетау өнеркәсіптік су құбырын салуды

ж а л ғ а с т ы р у

к ө з д е л г е н .

20 жылдан астам пайдаланып келген Сілеті және Нұра топтық су құбырлары да оларды қалпына келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдауды талап етуде. Бағдарламада тоқыраудағы әрі сумен нашар қамтамасыз етілген Жарқайын және Қорғалжын аудандарын қоса алғанда, облыстың ауылдық кенттерінде сумен жабдықтаудың жергілікті жүйелерін жұмыс істеу күйінде ұстауға және жаңаларын салуға шығындар к ө з д е л г е н .

Солтүстік Қазақстан облысы орталықтандырылған жүйеде ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі мен қамтылуы жөнінде әрқашанда алда болатын, оған жалпы ұзақтығы 5 мың километрден астам топтық су құбырларының тармақтанған желісінің жолға қойылуы жәрдемдесті. Оларды ұзақ уақыт пайдаланудың нәтижесінде (кейбір тармақтары 25-30 жыл бойы қызмет етуде) және жекелеген телімдеріндегі теріс факторлардың әсерінен су құбырлары толық жарамсыз күйге келді. Сорғы станцияларының сорғылық және электротехникалық жабдықтары әбден ескіргендіктен, ауыстырылуы тиіс. Пайдалану шығындарының өсуі, ұзақ уақытқа істен шығуы және соның салдарынан көптеген судың ысырап болуынан нарық экономикасы жағдайында бір бірімен байланыстырылған жүйелерден орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету тиімсіз болып шықты. Халықты ауыз сумен кепілді қамтамасыз ету мақсатында бағдарламада сумен жабдықтау жүйелерін қайта ұйымдастыру жөнінде мынадай

і с - ш а р а л а р

к ө з д е л у д е :

топтық су құбырларының бас учаскелерінің қазіргі жұмыс істеу схемасын сақтау;
жалпы жүйедегі топтық су құбырларының соңғы және жекелеген тұйықталған учаскелерін сегменттеу (ажырату);

Булаев және Беловодск топтық су құбырларының жекелеген тармақтарына жаңа көздерді - жер асты суларының барланған қорларын қосу;

Жер асты суларының жергілікті ресурстары есебінен топтық желілерге бұрын қосылған және қосылмаған 220 кентті жергілікті сумен жабдықтауды ұйымдастыру.

Шағын кенттерге сапалы ауыз суды су құбырларымен жеткізу.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру қазірдің өзінде жүзеге асырылуда. Оған 2001-2002 жылдарға арналған республикалық бюджеттен 238 млн. теңге көзделген.

Павлодар облысының аумағындағы су ресурстарының әркелкі бөлінуі және олардың сапасы оның жекелеген аудандары халқының сумен қамтамасыз етілуі деңгейін а й қ ы н д а д ы .

Ауыл халқының үштен бірге жуығы минералдануы жоғары суды пайдалануда. Бағдарламада бірінші кезектегі шара ретінде қолданыстағы сумен жабдықтау жүйелеріндегі тұщыту станцияларын орнату және 115 кентте тұщыту қондырғыларымен бірге жаңа блок жүйелерін салу көзделуде.

Май ауданы халқын сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жақсарту үшін Май топтық су құбырын қайта жаңарту көзделуде.

Елді мекендердің 70%-тен астамы сапасына кепілдік жоқ суды пайдаланатын Ақтоғай ауданында проблема күрделі күйінде қалуда.

Сумен жабдықтаудың баламалы көздері жоқ кенттер үшін Беловодск топтық су құбырының бір бөлігінің жұмыс істеуін қалпына келтіру қажет. Бағдарламада ауыл халқының 265 мыңнан астам адамын сумен жабдықтау қамтылады. Бағдарламада жер асты суларын пайдалану, сондай-ақ облыстың басқа да қалаларына су құбырларын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары есебінен Павлодар қаласын сумен жабдықтауды жақсарту көзделеді.

Қостанай облысы. Таяу жылдары су көздері бойынша нақты балама жоқ топтық су құбырларында кенттерді біртіндеп қоса отырып, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Тоқыраған Амангелді және Жангелдин аудандарын қоса алғанда облыстың 275 кентінде бұрын орталықтандырылмай жүзеге асырылып келген жергілікті жүйелерді салу және қайта жаңарту жолымен сапасына кепілдік жоқ жердің бетіндегі және жер асты сапалы ауыз сумен халықты жабдықтау көзделуде. Олар іске қосылғаннан кейін 12 мыңнан астам ауыл тұрғыны сапасы сенімді ауыз су алатын Лихачев және Ұзынкөл топтық су құбырларын салуды таяу жылдары аяқтау көзделуде.

Бірқатар кенттер үшін суы тиісінше тазартылған және дайындалған жер бетіндегі сулар баламалы көз ретінде айқындалған. Бағдарламада қалалар мен қалалық кенттердің халқын сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жақсарту көзделуде.

Ақтөбе облысының халқын сумен қамтамасыз ету толық дерлік жер асты суларынан негізделген. Ауыз сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жақсарту жөніндегі шаралар бағдарламасы:

қосымша ұңғымалар бұрғылау, сорғы станцияларын салу - су жинауыштарды кеңейту жолымен қалалар және ауылдық кенттер халқының сумен қамтамасыз етілуін арттыруды;

баламалы су көздерін іздестіру немесе қолда бар минералданған жер асты суларын тұщыту жолымен тұтынылатын судың сапасын жақсарту; неғұрлым ірі кенттерде жергілікті су құбырларын салу; сапалы ауыз суды шағын кенттерге жеткізу; жер асты суларының сапасы жақсы Сарыбұлақ кен орындары тобынан су алуды ұлғайту жоспарланады;

Бірғыз ауданындағы кенттердің сумен жабдықталуының жай-күйін жақсарту үшін Бірғыз және Нұра су құбыры топтарын қайта жаңарту көзделуде.

Атырау облысы халқын сумен қамтамасыз ету проблемасы күрделі күйінде қалуда.

Облыс халқының 20%-тен астамы шаруашылық-ауыз су ашық көздердегі тазартылмаған және зарарсыздандырылмаған суды пайдаланады.

Атырау қаласының және Атырау-Мақат-Сағыз су құбыры бойынша су алатын ауылдық кенттерден халқы ауыз су тапшылығын сезінуде.

Қазіргі уақытта Атырау қаласында су құбыры және кәріз желілерін қайта жаңарту жүргізілуде.

Бағдарламада халықты сумен қамтамасыз ету жағдайын тұрақтандыру жөнінде бірқатар шаралар көзделген.

Оны ауыз су мұқтаждары үшін дайындаумен бірге Атырау және Маңғыстау облыстарында мұнай кен орындарына су беру үшін салынған Астрахань-Маңғышлақ су құбырын қайта жаңартуды жүргізу қажет.

Индер су тазарту құрылыстарын күрделі жөндеуден өткізу, Құлсары кентіндегі кентішілік желіні ауыстыру талап етілуде.

Жер бетіндегі суларды тазартуға арналған шағын құрылыстарымен бірге 37 ауылдық кент үшін жергілікті су құбырларын салу көзделуде.

Қоянды су құбыры тобының екінші кезегінің құрылысын салуды жалғастыру және Индер-Миялы және Майкөмген-Шұбыртпалы суағарларын қайта жаңартуды жүргізу қажет.

Жоғарыда аталған барлық шаралар облыс халқының 300 мыңнан астам адамын ауыз сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан облысының қаладағы халқы, жалпы алғанда ауыз сумен жеткілікті қамтамасыз етілмеген. Бағдарламада қалалардағы сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануды қалыпты жағдайда ұстау үшін бірқатар іс-шаралар көзделді. 130 ауылдық елді мекенді сумен жабдықтау жалпы ұзақтығы 2 мың километрден астам 6 топтық су құбырынан жүзеге асырылды. Соңғы 3-5 жылда Фурманов және Тайпақ су құбырлары пайдаланылған жоқ және нормативтік қызмет ету мерзімі аяқталғандықтан, қайта қалпына келтіруге жатпайды. Бұрын оларға қосылған 55 кентті сумен қамтамасыз ету үшін бағдарламада жер бетіндегі және жер асты су көздерінен су алатын жергілікті су құбырларын салу көзделеді. Соңғы жағдайда суды тиісінше тазарту көзделеді. Облыстың басқа да су құбырлары топтарында оларды қайта жаңарту - жекелеген учаскелердегі трубаларды ауыстыру, кенттердегі су құбырлары жұмыстарын жөндеу көзделеді. Сонымен қатар, бұрыннан бар жергілікті су құбырларын қайта жаңарту, ауыз суды дайындаудың технологиялық процестерін және сорғы станцияларының жабдықтарын жаңалау көзделеді.

2005 жылға дейінгі кезеңде Искра топтық су құбырының құрылысын аяқтау және сумен жабдықтаудың баламалы көзі жоқ Орда ауданы кенттерін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Орда топтық су құбырын қайта жаңарту аяқтау көзделуде. Жалпы алғанда, облыс бойынша ауыл халқының 220 мыңға жуық адамы сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралармен қамтылған.

Жамбыл облысында қалалар мен кенттерді сумен жабдықтау, оның аумағында жер асты суларының кең таралғандығынан, негізінен жергілікті су құбырлары арқылы шешілуде. Бірінші кезектегі іс-шаралар ретінде токсикологиялық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ішуге жарамсыз жер асты суларын

пайдаланатын кенттерде жаңа жергілікті су құбырларын салу және қолда барын қайта жаңарту көзделуде. Оларда 400 мыңға жуық адамға тұратын 250 кент үшін сумен қамтамасыз етудің сапасын жақсарту және арттыру көзделуде. Бағдарламада сумен жабдықтаудың қалалық жүйелерін пайдаланудың қалыпты жағдайларын қолдау үшін қажетті қаражат көзделеді.

19. Бағдарламаны іске асыру:

1) сумен жабдықтау және су тұтыну саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді;

2) ұйымдастырушылық іс-шараларды жүргізуді;

3) техникалық іс-шараларды жүргізуді;

4) сумен жабдықтау саласындағы экономикалық және қаржылық тетіктерді жетілдіруді көздейді.

20. Сумен жабдықтау және су тұтыну саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру:

1) халыққа арналған ауыз су шығару құралдарына меншік құқығын және осымен байланысты мүліктік қатынастарды заң жүзінде реттеуді. Сумен жабдықтаудың барлық объектілеріне меншік құқығын тәртіпке келтіруді;

2) мемлекеттік емес (жеке) секторды тартып, халыққа ауыз су беру жөніндегі қызмет көрсету рыногын құру мақсатында нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді;

3) шаруашылық-ауыз суды тұтынудың ғылыми негізделген үлестік нормаларын әзірлеуді;

4) "Ауыз су туралы" заң әзірлеуді және қабылдауды;

5) ауыз сумен жабдықтау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер мен мемлекеттік стандарттар әзірлеуді және енгізуді:

ауыз судың сапасын бақылаудың әдістемелеріне арналған стандарттарды; ауыз судың сапасына, орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздеріне қойылатын гигиеналық талаптарды белгілейтін санитарлық ережелер мен нормаларды (СанЕрН), стандарттарды;

"Сумен жабдықтаудың" құрылыс нормалары мен ережелерін (ҚнЕ);

6) мемлекеттік су кадастрын жүргізу, халыққа берілетін ауыз судың сапасы мен су көздерінің жай-күйіне кешенді мониторинг жүйесі, су айдындарына ластаушы заттарды тастауға рұқсат етілетін шекті деңгейін айқындау, суды қорғау аймағының көлемі мен шекарасын айқындау мәселелеріне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңаларын әзірлеу; шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауды жобалауға, ауыз суды бөтелкеге құюға қойылатын санитарлық талаптарды әзірлеуді қамтиды.

21. Ұйымдастырушылық іс-шаралары:

1) суды өндіру мен халыққа беруді басқару құрылымын қайта ұйымдастыруды;

2) халықтың ауыз суға қол жеткізуін және оның сапасын арттыруды қамтамасыз ету

жөніндегі неғұрлым маңызды іс-шаралардың үйлестірілген жоспарларын жыл сайын әзірледі қамтиды.

22. Техникалық іс-шаралар жаңа су құбыры жүйелерін жасау және қайта жаңарту, су көздерінің жай-күйін жақсарту, ауыз сумен жабдықтаудың баламалы көздерін іздестіру әрі жұмылдыру жөніндегі шаралар кешенін қамтиды.

Бағдарламада көзделген халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі техникалық іс-шаралардың негізгі көрсеткіштері 4 және 5-кестелерде келтірілген.

Техникалық іс-шараларды іске асыру сумен жабдықтау жүйелері мен құрылыстарының жұмысын жақсартуға, олардың жұмысын неғұрлым тиімді етуге, су берудің шығындарын азайтуға мүмкіндік жасайтын жаңа технологиялар әрі техникалық шешімдер енгізуді көздейді.

Су құбырларын таттануға төзімділік қасиеті бар және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары қолдануға рұқсат берген полиэтилен, әйнек пластикалық трубалар, сондай-ақ балқыма шойыннан жасалған трубалардан салу көзделген.

Су тазарту станцияларын ауыз суды дайындаудың қазіргі технологияларын пайдаланып, фтордан, ауыр металдардан, хлоридтерден, сульфаттардан, нитраттардан, нитриттерден және басқа да адам ағзасы үшін зиянды химиялық қосылыстардан тиімді тазартуды қамтамасыз ететін табиғи материалдарды қолданып жүргізу көзделуде.

Шамалы ғана бар және тұзы көп суларды тұздан тазартып, ауыз су алу үшін темірді, марганецті шығару, қышқылдылығын азайту, сондай-ақ өндіру күші әртүрлі жүйелер үшін судың қатқылдығын азайту міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін әртүрлі отандық және шетелдік өндірушілердің жабдықтарын пайдалану көзделуде.

Осы саладағы мемлекеттік саясат республикада суды тұщыту және тазарту жөніндегі қазіргі заманғы жабдықтарды, трубаларды әртүрлі сантехникалық және басқа да көмекші жабдықтарды өнеркәсіптік шығару жөніндегі қуаттарды құруға бағытталуы тиіс.

Отандық фирмалардың жаңа технологияларын қолданудың бірқатар артықшылығы бар: жұмыс орындары құрылады, құрылыс құны азаяды.

23. Сумен жабдықтау саласындағы экономикалық және қаржылық тетіктерді жетілдіру:

1) халықты ауыз сумен жабдықтау жөніндегі бағдарламаны инвестициялаудың принципі мен құрылымын айқындауды;

2) халыққа су беру, таза суды бөтелкеге құю және суды тазартудың жеке құралдарын өндіру жөніндегі қызметтер көрсетуге жеке секторды тартып, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау саласында бәсекелестік орта құруды;

3) сумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтер жүйесін қалыптастыратын, ауыз суды қоса алғанда, суға бағаны құраудың ғылыми негізделген икемді тетігін құруды. Қызмет көрсету рыногында тұтынушыға таңдау жасауға

мүмкіндік беретін адал бәсеке маңызды қозғаушы күшке айналуға тиіс. Судың бағасы халыққа қолайлы болуы, ал су берудің шығындары су тұтынушылардың төлемдері е с е б і н е н ө т е л у і т и і с ;

4) экономикалық өсудің алғышарттары жасалғанға және өзін өзі қаржыландыру негізінде жұмыс істеу мүмкіндігі туғанға дейін пайдаланудың бастапқы кезеңінде сумен жабдықтаудың жекелеген жүйелерін дотациялаудың тетігін әзірледі;

5) халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің мүдделерін ескере отырып, су шаруашылығы саласының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейді.

Экономикалық блок ауыз суды ұтымды пайдалану және оған бүкіл халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін заңды және жеке тұлғалардың бүкіл басқару, ғылыми-техникалық және басқа да қызметінің өзара байланысын қамтамасыз етуі тиіс.

24. Бағдарламаны іске асырудың мынадай тетіктері көзделуде:

республикалық және облысаралық маңызы бар сумен жабдықтау объектілері, ал жекелеген аймақтарда ауданаралық ауылдық топтық су құбырлары тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына с ә й к е с қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы ;

облыстық, аудандық және жергілікті маңызы бар сумен жабдықтау объектілері жергілікті мемлекеттік басқару органдары бекіткен немесе мемлекеттік емес ұйымдар қабылдаған мақсатты бағдарламалардың негізінде, жергілікті бюджеттердің, заемдардың, тікелей шетелдік немесе отандық инвестициялардың қаражаты, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Бағдарламалық іс-шараларды іске асыруды Су ресурстары жөніндегі комитеттің, Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің облыстық бөлімшелері, облыстық құрылыс және коммуналдық шаруашылық департаменттері, "Су арнасы" қалалық басқармалары және мемлекеттік емес сектордың су шаруашылығы ұйымдары жүзеге а с ы р а д ы .

Осы Бағдарламаны іске асыру әзірленген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл атқарушы органдардың, су шаруашылығы ұйымдарының назарын халықты ауыз сумен жабдықтау саласындағы негізгі проблемаларға жұмылдыруға, жағдайдың өзгеруіне әсер етуіне, шаралардың тиімділігін қамтамасыз етуге және нақты н ә т и ж е л е р а л у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру 2 кезеңге жоспарланып отыр:

1-кезең (2001 - 2005 жылдар) - халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі объектілерді салуды жалғастыру. Сумен жабдықтау құрылыстарын, кең орындарын және жерасты суларының суағындарын түгендеуді жүргізу. Ірі топтық су құбырларын жандандыру және орталықсыздандыру. Астана, Алматы, Атырау және басқа қалалардағы қалалық желілерді қайта жаңарту. Сумен жабдықтау үшін жабдықтар, аспаптар мен құрамдас бөліктерді шығару жөніндегі салалық базаны, жаңа технологиялық ө н д і р і с т е р д і құру.

2-кезең (2006 - 2010 жылдар) - сумен жабдықтау жүйелерін салуға және ішуге жарамды суды дайындауға алдыңғы қатарлы технологиялардың жаңа жетістіктерін енгізу жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыру. Елдің халқын сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз ету үшін жүйелер мен құрылыстар салу және оларды қайта жанарту.

4. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

"Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға инвестициялардың жалпы көлемі 118,2 млрд. теңге мөлшерінде анықталды. Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру үшін қажетті қаражаттың көлемі қоса беріліп
о т ы р (б - к е с т е) .

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттердің, сыртқы заемдар мен гранттардың қаражатынан басқа, су құбырларын пайдаланатын ұйымдардың қаражатын қоса алғанда, әртүрлі бюджеттен тыс көздер
т а р т ы л а т ы н б о л а д ы .

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

2005 жылға дейінгі кезеңде Бағдарлама сумен жабдықтау жағдайының, су сапасының - ауыз сумен жабдықтау көздерінің одан әрі нашарлауын тоқтатуды, судың қол жетімділігін қамтамасыз етуді және халықтың денсаулығын сақтау мен жақсарту мақсатымен саланы сауықтырудың жоспарлы міндетін бастауды көздейді.

Бағдарламаның іс-шараларымен 4,0 млн. жуық адам тұратын 3,7 мың ауылдық елді мекен және саны 3 млн. адамнан асатын қала тұрғындары қамтылған.

Сумен жабдықтаудың жаңа жүйелерін құру, жұмыс істеп тұрғандарды қайта жаңарту және қайта ұйымдастыру, саланы ресурстық және нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, халыққа ауыз су беру жөніндегі қызметтердің рыногын қалыптастыру және Бағдарламамен көзделген бірқатар басқа да шаралар:

халықтың сапалы ауыз суға қол жетімділігін ұлғайтуға, бұл тұтастай алғанда, қамтамасыз етілу деңгейін 65%-ға арттырады;

орталықтандырылған сумен жабдықтау көздерінің суларын пайдаланатын халықтың үлесін арттыруға, тұтастай алғанда, елді 20-25%-ға, ал жекелеген аймақтар бойынша 40%-ға және одан да көп;

ауыз су сапасының санитарлық ережелері мен стандарт нормаларының талаптарын толық сақтауды қамтамасыз ету жолымен су көздері мен сумен жабдықтау жүйелерінің сенімділігін арттыруға;

жергілікті ішуге жарамды жерасты суларын мейлінше тартуға;
сапасы негізінен бактериалды ластануымен сипатталатын жер бетіндегі көздердің суларын ішу мақсаттары үшін орталықсыздандырылған пайдалануды жоюға;

өткір ішек-қарын инфекциялары тобы бойынша бауырдың қабынуының, А вирусы бойынша берілетін су факторына байланысты халықтың ауруын 70-80 %-ға төмендетуге, бұл халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-аухатын қамтамасыз е т е д і ;

қосымша 200 мыңға жуық жұмыс орындарын құруға;
сумен жабдықтау көздеріне теріс экологиялық ықпал етудің мүмкіндігін б о л д ы р м а у ғ а ;

жекелеген аймақтар мен өзен алаптары бойынша ауыз судың сапасына жедел м о н и т о р и н г ж ү й е с і н құруға ;
құрылыста, тазалау жүйесінде жаңа технологиялар енгізу және ауыз су

дайындау, сондай-ақ бірқатар жағдайда сумен жабдықтау көздерін балама көздерге ауыстыру жолымен берілетін судың бір текше метрінің құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз етудегі оң өзгерістер өмір сүрудің қанағаттанарлық әлеуметтік-тұрмыстық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларын туғызады және, сайып келгенде, ел халқының тәнін және рухани саулығына оң ықпал етеді.

1-кесте

Топтық су құбырлары бойынша көрсеткіштер

№	Облыстар	Су құбыр.	Сумен	Қосылған елді	Магистр.	Олардың
!	ларының	жабдықтау	мекендердің	алдардың	ішінде:	
!	саны, о.і!	көздері	саны	жалпы	2000 ж.	
!	басқа об.!		ұзақтығы	жағдай		
!	лыстарға	!	_____!	км.	бойынша	
!	қызмет	!	1991 ж!2000 ж!	жұмыс		
!	көрсетуші!		жағдай!жағдай!	істеп		
!	!	!	бойын.бойын.!	тұрғанда.		
!	!	!	ша	ша	!	ры

1	Ақмола	11/3	Жер бетіндегі	123	92	2218,9	1410
			сулар				
			Жерасты сулары				

2	Ақтөбе	3/-	Жерасты сулары	9	1	201,3	72,0
3	Алматы	3/-	Жерасты сулары	10	1	258,0	32,0
4	Атырау	5/-	Жер бетіндегі сулар	21	1	450,8	198,0
			Жерасты сулары				
5	Шығыс Қазақстан	3/-	Жерасты сулары	34	13	337,0	96
6	Жамбыл	2/-	Жерасты сулары	5	-	71,2	-
7	Батыс Қазақстан	6/-	Жер бетіндегі сулар	130	69	2086,1	1189,7
			Жерасты сулары				
8	Қарағанды	2/-	Жер бетіндегі сулар	10	8	257,1	225,1
			Жерасты сулары				
9	Қостанай	21/4	Жер бетіндегі сулар	299	107	3417,9	1767,1
			Жерасты сулары				
10	Қызылорда	5/-	Жерасты сулары	18	34	668,0	668,0
11	Маңғыстау	4/-	Әмудария	12	8	330,0	105
			Жерасты сулары				
12	Павлодар	2/1	Ертіс	50	7	566,1	161,1
			Жерасты сулары				
13	Солтүстік Қазақстан	7/5	Жер бетіндегі сулар	497	164	5682,8	4075,0
14	Оңтүстік Қазақстан	9/-	Жерасты сулары	58	8	532,4	156,0
	ҚР бойынша барлығы	79/5		1276	513	17077,8	10155

2-кесте

Ауылдық елді мекендердің сумен жабдықталуының жағдайы
(1999 ж./1991 ж. деңгейінде)

N! Облыстар !Елді ! Оның ішінде
! !мекен. !

! дердің, !Орталықт.! Олардың ішінде !Жергілікті
! кенттер.!сумен !_____!көздерді
! дің саны!қамтыл. !Топтық су !Жергілік.!пайдаланады
! ! !Ғаны !құбырына !ті су құ!
! ! ! !қосылғаны !бырлары !
! ! ! ! !бар !

1	Ақмола	729	350/407	92/123	258/284	336/279
2	Ақтөбе	454	114/139	1/9	113/130	330/302
3	Алматы	799	384/555	58/67*	326/488	388/237
4	Атырау	180	32/97	16/37*	16/60	145/74
5	ШЫҒЫС					
	Қазақстан	846	204/319	13/34	191/285	642/527
6	Жамбыл	426	96/170	-/5	96/165	326/251
7	Батыс					
	Қазақстан	509	204/218	69/130	135/88	305/247
8	Қарағанды	524	193/208	8/10	185/198	325/310
9	Қостанай	779	227/436	107/292	120/144	520/291
10	Қызылорда	370	130/142	34/18	96/124	208/192
11	Маңғыстау	49	22/21	8/12	14/9	27/18
12	Павлодар	520	112/137	7/50	105/87	343/372
13	Солтүстік					
	Қазақстан	764	213/532	164/497	49/35	523/204
14	Оңтүстік					
	Қазақстан	896	406/497	8/58	398/439	370/329
	ҚР бойынша барлығы	7845	2687/3878	585/1342	2102/2536	4788/3633

(таблицаның жалғасы):

! ! Оның ішінде
! ! _____
N ! Облыстар !Тасып !Жергілікті !
! !әкеліне. !және тараты. !
! !тін су !латын желі. !
! ! !лердің ұзақ. !
! ! !тығы, км !

! _____ !

1	Ақмола	43/43	2545/4540
2	Ақтөбе	10/13	676/800
3	Алматы	27/7	1933/3474
4	Атырау	3/9	310/423
5	Шығыс Қазақстан	-/-	1150/1761
6	Жамбыл	4/5	701/1831
7	Батыс Қазақстан	-/44	893/856
8	Қарағанды	6/6	1216/1395
9	Қостанай	32/52	2767/4442
10	Қызылорда	32/36	510/782
11	Маңғыстау	-/10	122/122
12	Павлодар	65/11	263/1143
13	Солтүстік Қазақстан	28/28	3213/4745
14	Оңтүстік Қазақстан	120/70	2725/3256

ҚР бойынша 370/334 19024/29570
барлығы

*) - қалалық су құбырларына қосылған кенттерді ескере отырып

3-кесте

Жер бетіндегі және жерасты сулары ресурстарының болуы

N ! Су шаруашылығы ! Жер бетіндегі ! Жерасты сулары.
! бассейндері ! сулардың бар !ның барланған
! !ресурстары, ! пайдалану қорлары
! ! текше км/жылына ! текше км/жылына
! ! _____
! ! Орташа ! қамтама. ! Барлығы! о.і.
! ! көпжыл. ! сыз ету. ! ! минерал.
! ! дық ! дің 95% ! ! данған 1
! ! ағын ! ! ! г/л дейін

1	Арал-Сырдария	12,0	9,3	1,40	1,13
2	Балқаш-Алакөл	10,0	5,4	7,20	6,25
3	Ертіс	14,7	8,0	2,95	1,80
4	Есіл	1,4	0,2	0,26	0,21
5	Нұра-Сарысу	0,7	0,0	0,76	0,64
6	Тобол-Торғай	0,8	0,0	0,78	0,66
7	Жайық-Каспий	2,1	0,3	0,77	0,59
8	Шу-Талас	4,0	2,3	1,71	1,42
	Барлығы	58,2	25,5	15,83	12,70

(таблицаның жалғасы):

1 адамға есептегендегі су ресурстарының болуы жылына мың !
 текше м. !

! Жер бетіндегі ! Барланған !
 ! ағын ! пайдалану !
 ! ! қорлары !
 !

!Орташа !қамтама.! Жалпы ! о.і. !
 !көпжыл.!сыз ету.!көлемі !минерал. !
 !дық !дің 95% ! !данған 1 !
 !ағын ! ! !г/л дейін!

1	Арал-Сырдария	4,75	3,68	0,55	0,45
2	Балқаш-Алакөл	3,42	1,79	2,40	2,08
3	Ертіс	6,80	3,70	1,37	0,83
4	Есіл	0,75	0,05	0,14	0,11
5	Нұра-Сарысу	0,55	0,00	0,60	0,50
6	Тобол-Торғай	0,71	0,00	0,69	0,58
7	Жайық-Каспий	1,07	0,15	0,39	0,30
8	Шу-Талас	3,90	2,24	1,67	1,39
	Барлығы	3,07	1,71	1,10	0,85

Ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету
жөніндегі іс-шаралардың негізгі көрсеткіштері

N! Облыстар !Іс-шаралар ! Негізгі іс-шаралардың құрамы
! !қамтыған ! (кенттердің саны)
! !кенттердегі!
! !тұтын. саны! Су құбырларын ! Ашық су !Су құбыр.
! !мың адам ! салу, км ! құбырлары !ларын
! ! ! ! !қайта
! ! ! Жаңа !Қайта ! !жаңарту
! ! ! !жаңарту ! !

	358				
1 Ақмола	-----	226	752	18	64
	373,5				
	290				
2 Ақтөбе	-----	92	278	27	111
	272,2				
	464				
3 Алматы	-----	86	440	31	90
	619,6				
	81				
4 Атырау	-----	230	100	37	15
	138,32				
5 Шығыс Қазақстан	164 -----	-	196	-	164
	236,56				
6 Жамбыл	250				
	-----	103	290	19	14
	380,2				
	214				
7 Батыс Қазақстан	----- 219,78	128,6	275	21	70
	275				
8 Қарағанды	-----	109,1	199,4	26	29
	126,35				
	499				

9 Қостанай	-----	494,5	443	184	91
	389,24				
	202				
10 Қызылорда	-----	1354,3	45	60	30
	277,1				
	32				
11 Маңғыстау	-----	38	48	6	16
	39,12				
	336				
12 Павлодар	-----	303	186	30	147
	278,9				
	345				
13 Солтүстік Қазақстан	-----	139	470	61	-
	256,9				
	126				
14 Оңтүстік Қазақстан	-----	468	56	9	117
	347,64				
Барлығы	3636				
	-----	3771,5	3778,4	529	958
	3955,41				

(таблицаның жалғасы):

! Негізгі іс-шаралардың құрамы
! (кенттердің саны)

N !Су дайын.! Жерасты ! Сумен жабд. !
!дау стан.! суларын !ортал. көздері!
!циясы ! барлау ! !
!(тұщы жә.! ! !
!не т.б.) ! ! !

1	-	10	105
2	8	-	140
3	-	-	240
4	37	-	-
5	-	-	-

6	16	-	94
7	22	38	38
8	40	-	220
9	10	2	209
10	38	-	-
11	1	-	10
12	120	147	-
13	16	145	-
14	-	-	-
Барлығы	308	342	1056

5-кесте

Қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі
іс-шаралардың негізгі көрсеткіштері

N	Облыстар	Іс-шаралар				Негізгі іс-шаралардың құрамы			
		қамтыған	қала тұтын.	саны мың	Алаңнан тыс	Суағыз. құрылыстарының	адам	суағарлар, км	саны
		жаңа	қайта	жаңа	қайта				
		жаңарту	жаңарту						
		3							
1	Ақмола	-----	83	51	-	3			
		481							
		5							
2	Ақтөбе	-----	-	-	2	-			
		333,7							
		5							
3	Алматы	-----	-	23	-	-			
		1439							
		4							
4	Атырау	-----	-	-	-	-			
		200,4							

5	ШЫҒЫС	14				
	Қазақстан	-----	-	16	2	2
		800				
6	ЖАМБЫЛ	3				
		-----	-	-	-	-
		340				
		1				
7	БАТЫС	-----	-	-	1	-
	Қазақстан	225				
		6				
8	ҚАРАҒАНДЫ	-----	-	-	1	1
		478				
		7				
9	ҚОСТАНАЙ	-----	18	-	-	-
		372,6				
		4				
10	ҚЫЗЫЛОРДА	-----	-	-	2	-
		228				
		3				
11	МАҢҒЫСТАУ	-----	187	-	-	-
		201,4				
		1				
12	ПАВЛОДАР	-----	-	-	1	-
		300,5				
		1				
13	СОЛТҮСТІК	-----	-	-	-	-
	Қазақстан	204				
		6				
14	ОҢТҮСТІК	-----	68	-	2	1
	Қазақстан	563				
	ҚР бойынша	63				
	барлығы	-----	356	90	11	7
		5956				

(таблицаның жалғасы):

Негізгі іс-шаралардың құрамы ! !

!Қаланың !

N ! Су тазартатын ! Қалалық !жерасты !
! құрылыстар. саны ! желілер, км !су, бар. !
! _____! _____!лау !
! жаңа ! қайта ! жаңа ! қайта ! !
! !жаңарту ! !жаңарту ! !

1	3	1	-	148	-
2	-	1	-	143	-
3	-	-	-	580	-
4	1	2	-	83	-
5	-	-	16	184	-
6	-	2	-	110	-
7	1	-	-	108	-
8	-	-	62	-	-
9	-	-	31	209	-
10	-	1	-	160	-
11	1	-	-	56	-
12	-	-	-	105	-
13	-	-	-	80	-
14	1	-	-	300	2

барлығы 7 7 109 2289 2

6-кесте

"Ауыз су" бағдарламасының іс-шараларын іске асыруды қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздерінің көлемі

млн. теңге

! Барлығы ! оның ішінде кезеңдер бойынша
! _____
! ! I кезең ! II кезең
! !2001-2005 ж.ж.! 2006-2010 ж.ж.

Жалпы көлемі,
о.і. көздер бойынша: 118168 51068 68000

республикалық бюджет	44030	21970	22060
жергілікті бюджет	48318	25512	22806
шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз қаражаты	25820	3370	22450

Ескерту: Шығыстар және қаржыландыру көздері тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтылауға жатады.

2001-2010 жылдарға
арналған "Ауыз су"
мемлекеттік бағдарламасына
1-қосымша

(қағаз мәтіннен қараңыз).

2001-2010 жылдарға
арналған "Ауыз су"
мемлекеттік бағдарламасына
2-қосымша

(қағаз мәтіннен қараңыз).

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК